

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2020 жылғы 1 қазан

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті Сенат депутаттары және отырысқа қатысушылар! Сенаттың кезекті отырысын бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қажетті кворум бар. Сенаттың отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, алдымен күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі бірінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «2012 жылғы 3 мамырда Люксембургте қол қойылған Хаттамамен енгізілген өзгерістерді ескере отырып, 2008 жылғы 26 маусымда Астанада қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Люксембург Ұлы Герцогтігінің Үкіметі арасындағы Табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияға толықтыру енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Жамаубаев Ерұлан Кенжебекұлына беріледі.

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға 2019 жылғы 14 қазанда қол қойылған «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Люксембург Ұлы Герцогтігінің Үкіметі арасындағы Табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияға толықтыру енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы енгізілді.

Қолданыстағы конвенцияға толықтыру енгізу төленетін дивидендтер мемлекет иелікпен байланысты болған жағдайда оларды салық салудан босату жолымен еліміздің бюджетінің мүдделерін қорғау қажеттілігінен туындап отыр.

Біз хаттамамен дивидендтердің іс жүзіндегі иелерін нақтыладық. Қазақстанда – Қазақстан Республикасының Үкіметі, орталық немесе жергілікті билік органы, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі немесе Қазақстан Республикасының Үкіметіне толық тиесілі кез келген басқа мекеме.

Хаттаманың басты мақсаты Люксембург аумағында тіркелген кәсіпорындардың акцияларына ие болған жағдайда Люксембург тарапынан Қазақстан Республикасының Үкіметіне төленетін дивидендтерді төлеуден босату болып табылады.

Атап айтатын болсақ, соңғы он жылда екі мемлекет арасындағы тауар айналымы 106 миллион АҚШ долларына жетіп отыр. Осы уақыт ішінде Люксембургтен Қазақстан экономикасына тартылған инвестициялар ағыны 1,4 миллиард АҚШ долларын құрап отыр.

Қазақстанда Люксембург капиталының қатысуымен 27 заңды тұлға, филиалдар мен өкілдер қызмет етуде. Олар 2019 жылы 37 миллиард теңге салық төлеген.

Хаттаманы іске асыру мемлекеттік бюджеттен қаржы шығындарын талап етпейді, керісінше еліміздің бюджетіне қосымша қаражат түсуіне мүмкіндік ашады.

Құрметті депутаттар, сіздерден осы хаттаманы ратификациялау бойынша оң шешім қабылдауды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Әріптестер, заң жобасы бойынша сұрақтарыңыз бар ма? Сөз депутат Рысбекова Ләззэт Тұяқбайқызына беріледі.

РЫСБЕКОВА Л.Т. Маулен Сағатханұлы! Құрметті әріптестер! Конвенцияға толықтыру енгізу туралы хаттаманы толықтай қолдаймын. Баяндамашы айтып өткендей, заң жобасының қабылдануы дивидендтердің нақты иелері болып табылатын мемлекеттік мекемелерді Люксембург Ұлы Герцогтінің аумағында салық төлеуден босатуға және республикалық бюджетке тиесілі акциялардың мемлекеттік пакетіне дивиденд түрінде республика бюджетіне қосымша қаражат түсуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Енді менің сұрағым Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Ерұлан Кенжебекұлы Жамаубаевқа қойылады.

Құрметті Ерұлан Кенжебекұлы! Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Люксембург Ұлы Герцогтінің Үкіметі арасындағы осы хаттамаға қол қойғаннан кейін екіжақты сауда өсе ме? Сондай-ақ екі ел арасындағы экономикалық ынтымақтастыққа қандай болжам бересіз? Рақмет.

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Ләззэт Тұяқбайқызы, сұрағыңызға рақмет. Жалпы бұл хаттама үлкен конвенцияның бір бөлігі ғана. Тікелей хаттаманың екі мемлекеттің арасындағы сауданың көбеюіне тікелей қатысы жоқ, дегенмен бұл бюджетке қосымша қаржы түсуге мүмкіндік береді.

Жалпы екі ел арасында сауданың, қарым-қатынастың, инвестицияның өсуі үшін конвенцияның болуы бізге үлкен жол ашады.

Қазір Қазақстан Республикасы 55 мемлекетпен конвенцияға қол қойған. Сол 55 мемлекеттің ішіндегі 35-і дамыған ірі мемлекеттер. Бұл конвенция екі ел арасындағы салық және инвестициялық шарттардың тұрақты болуын қамтамасыз етеді. Яғни бизнес тұрақты

инвест-климатқа келеді, ақшасын құяды. Бұған дәлел, егер біз конвенцияға 2013 жылы Люксембургпен қол қойсақ, 2014 жылдан бері қарай айтып өткен 1,4 миллиард АҚШ долларының 1,3 миллиард АҚШ доллары, яғни 80 пайызы осы соңғы алты жылда келіп түскен. Сондықтан да осындай реттеп отыратын хаттамалардың қабылдануы, конвенциялардың болуы экономикадағы ынтымақтастықты күшейтеді және инвестициялардың ағылуына мүмкіндік береді.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ. Ерлан Кенжекбекұлы, рақмет.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Дүйсембаев Ғұмар Ислямұлына беріледі.

ДҮЙСЕМБАЕВ Ғ.И. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, әріптестер мен шақырылғандар! «2012 жылғы 3 мамырда Люксембургте қол қойылған Хаттамамен енгізілген өзгерістерді ескере отырып, 2008 жылғы 26 маусымда Астанада қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Люксембург Ұлы Герцогтігінің Үкіметі арасындағы Табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияға толықтыру енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы қарауымызға енгізіліп отыр.

Аталған хаттама 2019 жылғы 14 қазанда Нұр-Сұлтанда және Люксембургте жасалған.

Қолданыстағы конвенцияға толықтыру енгізу дивиденттерді олар мемлекеттік иелік етумен байланысты болған кезде салық алудан босату арқылы ел бюджетінің мүдделерін қорғау қажеттігінен туындап отыр. Нәтижесінде дивиденттердің іс жүзіндегі иесі Үкімет немесе орталық, не жергілікті билік органы, Ұлттық Банк немесе Үкіметке толығымен тиесілі кез келген басқа мекеме болып табылған жағдайда кіріс көзі мемлекетінде дивиденттерді салық салудан босату көзделеді.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 27-бабының 4-тармағына сәйкес хаттама ратификациялануға жатады.

Заң жобасы жұмыс тобының және комитеттің отырыстарында жан-жақты қаралды. Сенаттың барлық комитеттері заң жобасы бойынша өздерінің оң қорытындыларын берді.

Баяндалғанды ескере келе, Қаржы және бюджет комитеті Қазақстан Республикасы Конституциясы 61-бабының 4-тармағына сәйкес «2012 жылғы 3 мамырда Люксембургте қол қойылған Хаттамамен енгізілген өзгерістерді ескере отырып, 2008 жылғы 26 маусымда Астанада қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Люксембург Ұлы Герцогтігінің Үкіметі арасындағы Табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияға толықтыру енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңын қабылдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшейік. Сөз депутат Орынбеков Бекболат Серікбекұлына беріледі.

ОРЫНБЕКОВ Б.С. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Бүгін сіздердің қарауларыңызға «2012 жылғы 3 мамырда Люксембургте қол қойылған Хаттамамен енгізілген өзгерістерді ескере отырып, 2008 жылғы 26 маусымда Астанада қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Люксембург Ұлы Герцогтігінің Үкіметі арасындағы Табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияға толықтыру енгізу туралы 2019 жылғы 14 қазанда Нұр-Сұлтанда және Люксембургте жасалған хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы ұсынылып отыр.

Қазақстан мен Люксембург Ұлы Герцогтігінің екіжақты қарым-қатынастары ұзақ жылдар бойы үдемелі дамып келеді. Ынтымақтастықтың басым салалары арасында банк-қаржы секторы, ғарыш өнеркәсібі және цифрландыру салалары бар. Осы жылдар ішінде біздің елдеріміз өзара іс-қимылды дамыту және одан әрі нығайту үшін берік іргетас қалады.

Аталған хаттама төленетін дивидендтер мемлекеттік иелікке байланысты болған кезде оларды салық салудан босату көзделеді.

Осы уағдаласушы мемлекеттің арасында бірінің резиденті болып табылатын компания төлейтін дивидендтердің нақты иесі анық айқындалған. Қазақстанда бұл Қазақстан Республикасының Үкіметі, орталық немесе жергілікті билік органдары, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі немесе Қазақстан Республикасының Үкіметіне толығымен тиесілі кез келген басқа мекеме болып табылады.

Хаттаманы ратификациялау Қазақстан Республикасының бюджетіне қосымша түсім әкеледі.

Құрметті әріптестер, осыған байланысты мен осы заң жобасын қолдаймын және сіздердің де қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ, талқылау аяқталды. Енді заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Люксембург Ұлы Герцогтігінің Үкіметі арасындағы Табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияға толықтыру енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Заң жобасы бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «2007 жылғы 27 маусымдағы Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер арасындағы бірлескен әскери оқу-жаттығулар өткізу туралы

келісімге толықтырулар енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары Дәндібаев Тимур Тұрарұлына беріледі.

ДӘНДІБАЕВ Т.Т. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға «2007 жылғы 27 маусымдағы Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер арасындағы бірлескен әскери оқу-жаттығулар өткізу туралы келісімге толықтырулар енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Заң жобасы ұсынылады.

Хаттамаға 2019 жылғы 29 сәуірде Бішкекте қол қойылды.

Хаттаманың мақсаты ұйым шеңберінде әскери оқу-жаттығуларды өткізу үшін құқықтық негіз болып табылатын келісімге Шанхай ынтымақтастық ұйымына енген кез келген мемлекеттің қосылуын қамтамасыз ету болып табылады.

Өздеріңіз білетіндей, 2017 жылғы маусымда Астанада Шанхай ынтымақтастық ұйымының саммитінде ұйымның өңірлік және халықаралық аренадағы рөлін айтарлықтай нығайтқан Шанхай ынтымақтастық ұйымына Үндістан мен Пәкістанның қосылуы туралы тарихи шешім қабылданған болатын. Осыған байланысты келісімге толықтыру енгізу қажеттілігі туындады.

Келісім шеңберінде ұйымға мүше мемлекеттердің аумағында екі жылда бір рет кезекпен террорға қарсы бағыттағы бірлескен әскери оқу-жаттығулар өткізілетінін атап өту қажет. Мұндай оқу-жаттығуларды өткізу қарулы күштердің кәсіби дағдылары мен жауынгерлік даярлығын арттыруға және олардың арасында өзара іс-қимыл мәселелерін пысықтауға ықпал етеді.

Хаттаманы ратификациялау Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің қарулы күштері арасында әрі қарай өзара тиімді ынтымақтастықты дамытуға қызмет ететініне сенімдіміз.

Заңды қабылдау республикалық бюджеттен қосымша қаражат бөлуді қажет етпейді, сондай-ақ теріс әлеуметтік-экономикалық, құқықтық және экологиялық салдарға әкеп соқтырмайды.

Құрметті депутаттар, заң жобасын қолдауларыңызды сұраймыз.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, заң жобасы бойынша сұрақтарыңыз бар ма? Сөз депутат Сүлеймен Ләззат Жаңылысқызына беріледі.

СҮЛЕЙМЕН Л.Ж. Рақмет, құрметті Төраға.

Құрметті Тимур Тұрарұлы, мен осы хаттаманы ратификациялауды қолдаймын және сізге бір сұрағым бар.

Ратификациялау бізге қажет, Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер арасында әскери саладағы ынтымақтастықты одан әрі дамытуға мүмкіндік береді және бірлескен әскери жаттығулар жүйелі түрде өткізіліп тұрады.

Біріншіден, ынтымақтастық шеңберінде ұйымға мүше мемлекеттер арасында әскери жаттығулардан кейін қорытындылар, ұсынымдар, талқылаулар бола ма? Соны білгім келеді.

Екінші сұраққа баяндамаңызда жауап бердіңіз. Терроризм мен экстремизмге қарсы шаралар атқару мәселесін қарастыра ма деген сұрағым бар еді, оған жауап алдым.

Бірінші сұрағыма жауап берсеңіз. Рақмет.

ДӨНДІБАЕВ Т.Т. Сұрағыңызға рақмет.

Иә, дәл солай, ондай жұмыс жүргізіледі. Оқу-жаттығулар басшылық тобына бүкіл ақпарат жиналады да, сол жерде зерттеу және талдау жұмыстары өткізіледі.

Жалпы оқу-жаттығуларға баға беріледі: жеке құрамдардың командирлеріне қандай қателіктер жібергені туралы, қандай тәжірибе алғандары туралы. Сол жұмыстардың нәтижесі келесі оқу-жаттығулар дайындалған кезде ескеріліп, бірлескен ұсынулар әзірленеді. Рақмет.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ. Тимур Тұрарұлы, сізге рақмет, орныңызға отыруға болады.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі Мұсабаев Талғат Амангелдіұлына беріледі.

МҰСАБАЕВ Т.А. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Қаралып отырған заң жобасы Шанхай ынтымақтастық ұйымына жаңадан кірген мемлекеттің бірлескен әскери оқу-жаттығулар өткізу туралы келісіміне қосылуын осы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманы қабылдау арқылы қамтамасыз етуге бағытталған.

Хаттаманың мақсаты Шанхай ынтымақтастық ұйымының барлық мүше мемлекеттеріне толық құқықтық жағдай жасауды қамтамасыз ету болып табылады. Атап айтқанда, 2017 жылдан бастап Үндістан мен Пәкістан ұйымның құқылы мүше мемлекеттері болған. Осы хаттаманы ратификациялау оларға ұйым мүшелерінің территорияларында өтетін бірлескен әскери оқу-жаттығуларына, бірлескен әскери антитеррорлық жаттығуларға қатысуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар хаттаманы ратификациялаудан күтілетін нәтиже – бірлескен әскери оқу-жаттығуларды өткізу географиясын кеңейту мүмкіндігі.

Құрметті әріптестер, Сенаттың тұрақты комитеттері осы заң жобасы бойынша оң қорытынды берді. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, қарастырылған заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Әріптестер, заң жобасын талқылауға көшейік. Сөз депутат Қожамжаров Қайрат Пернешұлына беріледі.

ҚОЖАМЖАРОВ Қ.П. Құрметті Төраға, құрметті әріптестер! Еліміздің егемендігіне қол жеткізу жаңа геосаяси жағдайда жүзеге асырылды. Мемлекет мүдделеріне тікелей және жанама әсер ететін халықаралық үрдістер еліміздің Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сыртқы саяси доктринасында терең сипатталып, ескерілді. Осы тарапта аймақтық қауіпсіздікті нығайту мақсатында Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүшелік аса маңызды саяси шешім болды.

Содан бері ұйымның берік институттық негізі қаланып, шарттық-құқықтық базасы қалыптасты.

Ал Үндістан мен Пәкістанның 2017 жылы Астанада ұйымға мүше болып енуі – оның аймақтық және жаһандық ықпалының өсу дәлелі. Енді ұйымның жауапкершілік аясы 3 миллиардтан астам халқы бар аумақты қамтиды.

Ұсынылып отырған ратификациялау туралы заң жобасы қауіпсіздікті нығайтудың құралы ретінде мүше мемлекеттердің әскери тәжірибе ынтымақтастығын күшейтпек.

Құрметті әріптестер, осыған орай заң жобасын қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ, талқылау аяқталды. Енді заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«2007 жылғы 27 маусымдағы Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер арасындағы бірлескен әскери оқу-жаттығулар өткізу туралы келісімге толықтырулар енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Құрметті әріптестер! Қазіргі таңда әлем бойынша геосаяси ахуалдың қиындай түскенін көріп отырмыз. Жаңа сын-қатерлер пайда болуда. Сондықтан тұрақтылық пен қауіпсіздікті сақтау, тәуелсіздікті нығайту ең маңызды мәселеге айналып отыр.

Осы тұрғыдан келгенде Шанхай ынтымақтастық ұйымының маңызы зор. Біз өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін осы ұйым аясында бірлесіп әрекет етуіміз керек. Ынтымақтастықты арттыру арқылы жаңа қауіптерге қарсы тұруда әлеуетімізді күшейтеміз.

Бүгін қабылданып отырған заң Шанхай ынтымақтастық ұйымы әлеуетінің тиімділігін одан әрі арттырады деп сенеміз.

Бұл заң жобасы бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар! Күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік. Депутаттық сауалдар бар ма?

Сөз депутат Дүйсембаев Ғұмар Ислямұлына беріледі.

ДҮЙСЕМБАЕВ Ғ.И. Рақмет, Төраға.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Маминге арналады.

«Құрметті Асқар Ұзақбайұлы! Мемлекет басшысының ағымдағы жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына

Жолдауында «Ауыл шаруашылығын дамытпай, бәсекеге қабілетті экономика құру мүмкін емес» деп атап айтылған және де «Негізгі міндеттеріміз: әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларымен өзімізді толық қамтамасыз ету; миллиондаған ауыл тұрғындарының табысын арттыру; еңбек өнімділігін екі жарым есе көбейту; агроөнеркәсіп кешені өнімінің экспортын екі есе арттыру» деп өзімізден өндірілетін тағам өнімдерінің көлемін арттыру, импорт алмастыруды азайту үшін отандық өнім өндіруді арттыру міндеті қойылды. Қазіргі әлемді жайлаған пандемия кезеңінде халықты, ішкі нарықты сапалы азық-түлік өнімдерімен қамту бірінші кезектегі өткір мәселе.

Бірақ іс жүзінде тіпті басқаша жағдай қалыптасуда. Олай деуге дәлел осы бағыттағы берілетін субсидиялау ережелерінде мал бордақылау орындарындағы бір мезгілде тұратын мал басының көп мөлшерде болу талабы. Оның талаптарын кіші шаруашылық түгілі ірі шаруашылықтардың өзі орындай алмай отыр.

Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 23 шілдедегі «Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіп кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» №317 бұйрығына биылғы жылғы 21 тамыздағы №243 бұйрығымен енгізілген өзгеріске сәйкес ірі қара мал бордақылауда бір мезгілде 5000 бас ұстау қажет деп көбейтілген.

Бұрын бұл мәселе туралы Атырау мен Маңғыстау облыстарының кәсіпкерлері бір мезгілде 2000 бас ірі қара санын 300-500 басқа дейін түсіру туралы министрлікке ұсыныс енгізген. Оның себебі батыс өңірдегі қатал континентальды, құрғақ климатты жағдаймен ерекшеленетін, территориясында шаруашылық мақсатына пайдаға жарамды жер үсті су көзі жоққа тән, табиғи жауын-шашын мөлшері өте жеткіліксіз Атырау, Маңғыстау облыстарында табиғат жағдайлары ерекшеліктерге сай жем-шөп дайындаудың қиындығы болса, екіншіден, осы мақсатқа көрсетілетін мемлекеттік қолдаудың жетімсіздігі.

Жергілікті жерден шабылған шөп мал азығы үшін жеткіліксіз болуына байланысты мал шаруашылығына қажетті қоспа құрама жем мен азықтық дән еліміздің астықты аймақтарынан сатып алынып, тасымалданып жеткізіледі. Бұл шаруа қожалықтары үшін қаражат жағынан тиімсіздік тудырып, шығынның көп кетуіне себепші болып отыр. Жалпы қазіргі күні осындай шағын және орта бизнестің дамуына және аймақтарды жергілікті ет өнімдерімен қамтамасыз етуге кедергі келтіріп отыр.

Бүгінгі күні жалпы республика бойынша сиыр етін импорттау көлемі 16 мың тонна құраса, ет және ет өнімдерін сырттан сатып алу көрсеткіштері Маңғыстау облысында 70 пайызды құрайды, ал Атырау облысында 40 пайыздан асады.

Осы мәселелерді айта келе, еліміз бойынша жаңа дамып келе жатқан кіші шаруашылықтарды көтеру үшін, таза сапалы ет өнімдерімен қамту үшін бордақылау алаңдарындағы бір мезгілде тұратын мал санын төмендету қажет деп санаймыз. Себебі енгізілген жаңа талаптар мал өсіретін шаруашылықтардың дамып көтерілуіне кері әсерін тигізеді, яғни бұдан етті бағыттағы мал шаруашылығы өз дәрежесінде дамиды деп айтуға келмейді.

Негізі барлық өңірлерде ортақ көтеріліп жүрген осы маңызды мәселе бойынша қағидада әр облыстың ерекшелігін ескере отырып, дифференциалды түрде қарау қажет деп санаймыз. Ал осы бордақылауға бір мезгілде тұратын мал санын қағидада жоғарыда аталған

екі облыста 500 басқа дейін деп белгіленсе, онда шаруашылықтар тарапынан мал бордақылау алаңдарын көбейтуге мүмкіндік болады.

Осы кәсіппен айналысатын шаруа қожалықтары біртіндеп аяққа тұрғаннан кейін бір мезгілде ұстайтын қара мал санын ұлғайтуға мүмкіншілік береді.

Құрметпен, депутаттар Дүйсембаев, Алдашев, Қылышбаев, Құртаев, Лұқпанов, Жұмағазиев, Шелпеков, Төреғалиев».

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Нухұлы Алтынбекке беріледі.

НУХҰЛЫ А. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Тоғжановқа жолданады.

«Құрметті Ералы Лұқпанұлы! Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында қолжетімді және сапалы білімге көңіл бөліп, Үкіметке санитарлық талаптарды сақтай отырып, күндізгі оқытудың дәстүрлі түріне оралу тәртібін ойластыру қажеттігін тапсырған болатын. Бұл әсіресе орта білім беретін мектептер үшін өте маңызды.

Әлемдегі пандемияға байланысты елімізде мектеп оқушылары мен студенттердің басым көпшілігі қашықтықтан оқуға көшті. Бұл режимде оқу процесі мүлдем басқа стиль және мазмұнды талап етеді. Сапалы білім – дәстүрлі сабақтарды, оқушылардың мұғалім және сыныптастарымен болатын қарым-қатынасты қажет ететіні анық.

Статистикалық деректер бойынша Қазақстанда 7184 мектеп жұмыс істейді, оның 5736-ы, яғни 80 пайызға жуығы ауылдық жерлерде орналасқан. Бұл мектептерде жалпы оқушылардың 46 пайызы оқиды. Ауыл мектептерінде оқу жабдықтарының жеткіліксіздігі және жоғары технологиямен білім беру мүмкіндігі төмен екендігі бәрімізге белгілі. Мысалы, 2019 жылғы оқу жетістіктерін сырттай бағалау нәтижелері, қалалық және ауылдық оқушылар арасындағы білім беру сапасының орташа есеппен 8 балға алшақтықты, ал 2018 жылы PISA нәтижелері қала мен ауыл арасындағы білім сапасындағы 22-ден 37 балға дейінгі алшақтықты анықтаған. Сонымен қатар ауылдық жерлерде интернет сапасының төмен болуы карантин кезеңінде мектепте онлайн режимде сабақ өткізу өте қиын екендігін көрсетті және бұл басты себептердің бірі болып отыр.

Жыл сайын ауыл мен қала оқушылары арасындағы білім сапасы бойынша мәселе көтеріліп келеді. Қашықтықтан оқыту бұл мәселені одан әрі алшақтатуы әбден мүмкін.

Бізге қашықтықтан оқыту процесі енгізілген күннен бастап еліміздің барлық өңірлерінен 5-11 сынып оқушыларын дәстүрлі оқытуға жіберу туралы ұсыныс хаттар түсуде. Соның бір дәлелі ретінде Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті мүшелерінің Семей қаласы мен Абай ауданына жұмыс сапарындағы кездесуде мектеп мұғалімдері мен ата-аналар санитарлық нормаларды сақтай отырып, барлық ауылдық мектептерді дәстүрлі оқуға көшіруді ұсынды. Ауылдағы балалардың қарым-қатынас ортасы қалаға қарағанда қауіпсіз деп отыр, себебі ауылдың тыныс-тіршілігі мен табиғи ортасының ерекшелігін ескеру керектігін атап өтті. Біз бұл ұсынысты Үкіметке жеткізуге уәделестік.

Осыған байланысты бізді ауылдық жерде орналасқан қашықтықтан білім алатын контингенті 181-ден 600 адамға дейінгі мектептерге қатысты мәселе алаңдатады. Біздің ойымызша, қоғамдық көлікті қажет етпейтін елді мекендердегі осындай мектептерде санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды қатаң сақтай отырып, бірнеше ауысым арқылы штаттық режимде оқи алады деп ойлаймыз. Еліміздің денсаулық сақтау министрлігінің күні кеше берген ақпаратында оқу жылының басынан оқушылар арасында COVID-19-ға қатысты 104 жағдай тіркелген, оның ішінде үйде отырып қашықтықтан оқитын балалар арасында 71 жағдай, мектеп қабырғасында кезекші сыныптарда оқитын 33 балада осындай жағдай анықталған. Яғни дәстүрлі оқудағы балалардың саны үйде отырып қашықтықтан оқитындарға қарағанда екі есе аз.

Құрметті Ералы Лұқпанұлы! Ауылда білім беру сапасын жақсарту мақсатында «Карантиндік шектеу шаралары және оларды кезең-кезеңімен жеңілдету туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2020 жылғы 15 тамыздағы № 48 қаулысына 181-ден 600 адамға дейінгі контингенті бар, балаларының саны бір сыныпта 15 оқушыдан аспайтын ауылдық жерде орналасқан мектептердің жұмыс істеуін кезең-кезеңімен шешу бөлігінде өзгерістер енгізуді сұраймыз.

Құрметпен, депутаттар Нухұлы, Бақтиярұлы, Төреғалиев, Жұмағұлов, Жүсіп».
Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Мусин Дүйсенғазы Мағауияұлына беріледі.

МУСИН Д.М. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне жолданады.

«Құрметті Асқар Ұзақбайұлы! Бүгінгі күні Қазақстанда белең алып отырған құс тұмауының таралуы үлкен алаңдатушылық тудырып отыр. Бұл індеттің экономикалық залалы өте үлкен, оның салдары тек үй құстарының иелеріне ғана емес, мемлекет тарапынан да қатаң карантиндік және ветеринариялық-санитариялық ісшараларды енгізуге, соның ішінде ауру құстарды жоюға және де оларды жаппай вакцинациялауға, құс иелеріне өтемақы беру мәселелері мемлекеттік бюджетке қосымша салмақ түсіретіні анық.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің соңғы мәліметтері бойынша Қазақстанның бірнеше өңірінің 117 елді мекенінде аталған індеттен 576 мың бас әртүрлі құс өлім-жітімге ұшыраған. Ал Қазақстан құс өсірушілер одағының мәліметтері бойынша құс тұмауының салдарынан құстардың өлімі Солтүстік Қазақстан облысында 768 мың бас екі құс фабрикасында және Қостанай облысында бір құс фабрикасында 360 мың басты құрайды, яғни тек үш құс фабрикасында қырылған құстың саны 1 миллион 128 мыңнан асып отыр.

Бұл ретте Ауыл шаруашылығы министрлігінің деректеріне сәйкес арнайы құрылған тиісті комиссиялар кей шаруашылықтарда құс шығынының технологиялық, өндірістік себептерін, сондай-ақ құс тұмауынан өлген құстардың нақты санындағы қателіктерді анықтаған. Мұндай келеңсіз жағдайлар еліміздегі құс шаруашылығы саласының дамуына кері әсерін тигізу қаупінің өте жоғары екенін көрсетеді.

Статистикалық деректердің жүйесіздігі, кей құс өсірушілердің жауапсыздығы, жауапты мемлекеттік органдардың қамсыз болуы, яғни дер кезінде індеттің алдын алу шараларын жүргізуге қатысты жұмыстары да біршама сұрақ тудырып отыр.

Елімізде құс етінің 45 пайызы импортталатынын ескерсек, ендігі кезекте құс тұмауы салдарынан бұл көрсеткіштің өсуі және де отандық өнімдер бағасының қымбаттауы да әбден мүмкін.

Өкінішке қарай, Қазақстандағы құс шаруашылығы саласындағы селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізу деңгейінің төмендігі салдарынан инкубациялық жұмыртқа, тәуліктік балапандар сияқты асыл тұқымдық өнімдер негізінен жақын және алыс шет елдерден импортталады. Бұл ретте отандық құс өндірушілерде өз кростарының болмауы жағдайды одан сайын күрделендіруде. Сондықтан да еліміздің құс шаруашылығы саласына қолдау көрсету – өзекті мәселелердің бірі.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығымен «Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту, мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыру ережелеріне» сәйкес нақты өндірісі 100 миллион данадан астам жұмыртқа өндіретін құс фабрикалары бір дана үшін 1,2 теңге норматив бойынша субсидия ала алады.

Қазірдің өзінде құс тұмауына байланысты отандық кәсіпорындарда құс санының айтарлықтай мөлшерде қысқаруына байланысты олар жыл қорытындысы бойынша 100 миллион дана жұмыртқа шығара алмайтыны белгілі болып отыр. Бұл өз ретінде алынған субсидияларды қайтаруға міндеттеуге әкеліп соқтырады. Сондықтан да аталған мәселе қосымша зерделенуі тиіс.

Аса қауіпті аурулардың өршуіне жол бермеу мақсатында ұйымдастырылған шаруашылықтарда және жеке аулаларда құстарды міндетті түрде вакцинациялауды ұйымдастыру қажет деп санаймыз.

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы! Жоғарыда баяндалғандардың негізінде сізден:

1) құс тұмауының өршу себептеріне, тиісті ветеринарлық ісшаралардың орындалуына жан-жақты тексеру жүргізу;

2) құстардың қауіпті ауруларына қарсы міндетті вакцинациялау үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

3) індет салдарынан (құс тұмауы) жойылған үй құстары үшін нарықтық құны бойынша өтемақы төлеу;

4) жұмыртқа өндірудің нақты көлеміне қарамастан барлық құс фабрикалары үшін бірыңғай норматив белгілей отырып, субсидиялау ережелеріне өзгерістер енгізу мүмкіндігін қарастыру;

5) ветеринариялық препараттарды мемлекеттік сатып алуды оңтайландыру және үй құстарын сақтандыру бағдарламасын әзірлеу ұсынылады.

Айтылған ұсыныстар бойынша тиісті шаралар қабылдауыңызды және заңнамада белгіленген тәртіппен жазбаша жауап беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен, депутаттар Мусин, Бектаев, Булавкина, Дүйсембинов, Жұмағазиев, Күрішбаев, Нұралиев, Перепечина, Сұлтанов».

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Нұрсипатов Нұржан Нұрланбекұлына беріледі.

НҰРСИПАТОВ Н.Н. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Тоғжанов мырзаға бағытталатын сауалдың қысқаша мәтіні.

«Бүгінгі депутаттық сауалға ұрпақ тәрбиесінде әлі де тиісті деңгейде жүргізілмей жатқан, назарсыз қалып қойған күрделі мәселе себеп болып отыр. Ол жастарымызға әскери-патриоттық, отаншылдық рухта берілуге тиіс тәрбие.

Отанды қорғау – әрбір Қазақстан азаматының абзал борышы. Ол ең алдымен әскери-патриоттық тәрбиеден басталады.

Әлемде болып жатқан саяси-экономикалық дағдарыс, пандемия жағдайында әр мемлекет ішкі мәселелеріне, әсіресе білім, ғылым, медицина, мәдениет, ұрпақ тәрбиесіне, қауіпсіздік пен қорғаныс саласына ерекше мән бере бастады. Осы орайда Қазақстанда да әскери-патриоттық тәрбиеде заман сұранысына сай өз көзқарасы мен өз педагогикалық, сондай-ақ болашақ сарбаз тәрбиелеудегі методикалық төл тәсілдері қалыптасуы керек деп ойлаймыз.

Бүгінгі күні жыл сайынғы әскери қызметке шақырылуға жататын азаматтардың саны 300 мыңға жуық болса, соның 40 мыңының ғана денсаулығы әскери борышын өтеуге жарамды. Әскер қатарына шақыру қағазын алған азаматтардың 25,4 пайызы әскери қызметке психологиялық және моральдық тұрғыда дайын емес. Әскери қызметке шақырылудан жалтару мәселесі әлі де күн тәртібінен түскен жоқ.

Үкіметке Президент Қазақстан әскерінің беделін көтеру жөнінде нақты тапсырма берген болатын. Бұл жұмысты нәтижелі жүргізу үшін бірнеше мемлекеттік орган жұмылу керек. Қорғаныс, ақпарат және қоғамдық даму, Білім және ғылым, Мәдениет және спорт министрліктері күш біріктіру қажет.

Насихат жұмысы аясында әскери-патриоттық рух, мәдениет пен ұлттық тарихты, өз кәсібінің шебері болған отандық тұлғаларды насихаттайтын хабарлар, фильмдер түсіріліп, кітаптар шығарылып, интернет-контент жасалса дейміз. Мұндай өнімдердің қаралымы көп, таралымы кең болуы үшін олардың көрерменге ұсыну формасы да, сапасы да заманға сай болуы керек.

Сауалымыздың ең маңызды тұсы – әскери-патриоттық тәрбие мәселесі қолданыстағы заңнамада бекітілмегендігі.

«Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы» Заңның, сондай-ақ «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңның ескі, 1993 жылғы редакцияларында тәрбие мәселесі тапсырма ретінде бекітілген еді. Алайда жаңа заңдарда бұл тапсырмалар заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің деңгейіне түсірілген.

Осыған орай әскери-патриоттық тәрбие беру жұмыстарын жүргізуді мемлекеттік органдардың басты тапсырмаларының бірі ретінде заңнамалық тұрғыда бекіту, олардың өзара жұмыстарын үйлестіру және насихаттауда заманауи ақпарат құралдарын белсенді пайдалану мәселелерін қарастыруларыңызды сұраймын.

Сауалға жазбаша жауап беруіңізді өтінемін.

Депутат Нұрсипатов».

ТӨРАҒА. Сөз депутат Бекназаров Нұрлан Құдиярұлына беріледі.

БЕКНАЗАРОВ Н.Қ. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Біздің депутаттық сауал Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне жолданады және негізгі тұстары ғана баяндалып, толық мәтіні қосымшасымен бірге берілетін болады.

«Құрметті Асқар Ұзақбайұлы! Еліміздің Президенті өзінің өткен жылғы Қазақстан халқына Жолдауында тікелей шетелдік инвестицияларды тарту бойынша жұмысты күшейтуді атқарушы биліктің басым міндеттерінің бірі ретінде белгілеген болатын.

Статистикаға сәйкес тартылған тікелей инвестициялардың жалпы көлемінің жартысынан көбі мұнай-газ секторына тиесілі.

Еліміздің бірқатар аймақтарында мұнай-газ саласының ұйымдары әлеуметтік-экономикалық тұрақтылыққа, жұмыспен қамтуға және халықтың кірістерін қалыптастыруға айтарлықтай елеулі қолдау көрсететіні айқын және олардың қазіргі жағдайдағы маңыздылығы Мемлекет басшысының ағымдағы жылғы Жолдауында да аталып өтті.

Өткен жылдың желтоқсан айында Парламент «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Кодекске түзетулер қабылдаған кезде депутаттар бірнеше рет осы саладағы инвестицияларды тарту кезінде транспаренттік, яғни ашық жағдайлар жасауға аса назар аударған болатын.

Жер қойнауына, жер мен басқа да табиғи ресурстарға меншік пен пайдалану мәселелері қазіргі кезеңде өте өзекті және оның ішінде шетелдік компанияларға берудің механизмінде ашықтықтың болмауынан қоғамда сауалдар туындап, әлеуметтік келеңсіздіктерге әкелуі мүмкін.

«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Кодекстің 99-бабының 5-тармағында электронды аукциондар туралы ережені құзыретті орган қабылдайтыны көзделген.

Осыған сәйкес Энергетика министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 шілдедегі бұйрығымен «Көмірсутектер бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған электрондық аукциондар операторының интернет-ресурсын пайдалана отырып, электрондық нысанда аукцион өткізу қағидалары туралы» ереже бекітілген.

Кодекс қабылданғаннан бері министрлік оны іске асыру үшін қажетті құжаттарды дайындағанына қарамастан осы кезеңге дейін көмірсутектер саласында бірде-бір конкурс өткізілмеген.

Осылайша, конкурсқа қойылатын учаскелердің жасанды қолдан жасау жетіспеушілігі орын алып, нәтижесінде ел аймақтарына тартылатын инвестиция көлемі айтарлықтай төмендеуі мүмкін.

Бірқатар құқықтық компаниялардың пікірінше, министрлік қабылдаған ереже іс жүзінде қатысушыларға ашықтық пен теңдей мүмкіндіктерді қамтамасыз ете алмайды, керісінше кәсіпкерлерге заңнамада көзделмеген шектеулер орнатуға жағдайлар жасалған.

Қабылданған ереже Президенттің ашық Үкімет туралы, халықтың ақпаратқа қол жетімділігі, сыбайлас жемқорлықты жою мақсатында мемлекеттік ресурстарды қоғамдық бақылау туралы тапсырмаларына қайшы келеді және мемлекетке түсетін қыруар қаржылық кірістерін толық қамтамасыз ете алмауымен қоса, қойылған учаскелердің делдалдардың қолына өтуі және шетелдік компаниялардың елдің экономикасына инвестиция салуға деген қызығушылықтарын төмендетуі мүмкін.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып:

1) ең маңызды табиғи ресурстарды беру бойынша электрондық аукциондар кезінде қоғамдық бақылауды ұйымдастыру мақсатында сарапшылар мен қоғамды тартуды;

2) жасанды техникалық ақаулықтарды немесе басқа да сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды болдырмау, конкурстық, ашық негізде жеңімпаздарды анықтау мақсатында жер қойнауын пайдалануға арналған электрондық аукциондарды өткізуді жіті бақылауға алуыңызды сұраймыз.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде заңмен белгіленген мерзімде жазбаша түрде жауап беруіңізді өтінеміз.

Құрметпен, депутаттар Әбдікерев, Бекназаров, Лукин, Сафинов, Сүлеймен».

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Басқа сауалдар жоқ.

Құрметті әріптестер, бүгін ратификациялау туралы маңызды заңдарды қарап, нәтижелі жұмыс істедік. Баршаңызға рақмет.

Осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

МАЗМҰНЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ
2020 жылғы 1 қазан

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «2012 жылғы 3 мамырда Люксембургте қол қойылған Хаттамамен енгізілген өзгерістерді ескере отырып, 2008 жылғы 26 маусымда Астанада қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Люксембург Ұлы Герцогтігінің Үкіметі арасындағы Табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияға толықтыру енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде

О проекте Закона Республики Казахстан «О ратификации Протокола о внесении дополнения в Конвенцию между Правительством Республики Казахстан и Правительством Великого Герцогства Люксембург об избежании двойного налогообложения и предотвращении уклонения от налогообложения в отношении налогов на доход и капитал, подписанную в Астане 26 июня 2008 года, с учетом изменений, внесенных Протоколом, подписанным в Люксембурге 3 мая 2012 года», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Е.К. ЖАМАУБАЕВТЫҢ баяндамасы

Доклад Министра финансов Республики Казахстан ЖАМАУБАЕВА Е.К. 1

Сөз сөйлеген:

Выступила:

РЫСБЕКОВА Л.Т. 2

Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Ғ.И. ДҮЙСЕМБАЕВТЫҢ қосымша баяндамасы

Содоклад члена Комитета по финансам и бюджету ДЮСЕМБАЕВА Г.И. 3

Сөз сөйлеген:

Выступил:

ОРЫНБЕКОВ Б.С. 4

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «2007 жылғы 27 маусымдағы Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер арасындағы бірлескен әскери оқу-жаттығулар өткізу туралы

**келісімге толықтырулар енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы»
Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде**

О проекте Закона Республики Казахстан «О ратификации Протокола о внесении дополнений в Соглашение между государствами-членами Шанхайской организации сотрудничества о проведении совместных военных учений от 27 июня 2007 года», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан

**Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары
Т.Т. ДӘНДІБАЕВТЫҢ баяндамасы**

Доклад заместителя Министра обороны Республики Казахстан
ДАНДЫБАЕВА Т.Т. 5

Сөз сөйлеген:

Выступила:

СҮЛЕЙМЕН Л.Ж. 5

Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі

Т.А. МҰСАБАЕВТЫҢ қосымша баяндамасы

Содоклад члена Комитета по международным отношениям, обороне и безопасности МУСАБАЕВА Т.А. 6

Сөз сөйлеген:

Выступил:

ҚОЖАМЖАРОВ Қ.П. 7

**Депутат Ғ.И. ДҮЙСЕМБАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі А.Ұ. Маминге депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата ДЮСЕМБАЕВА Г.И. к Премьер-Министру Республики Казахстан Мамину А.У. 7

**Депутат А. НУХҰЛЫНЫҢ Қазақстан Республикасы Премьер-
Министрінің орынбасары Е.Л. Тоғжановқа депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата НУХУЛЫ А. к Заместителю Премьер-Министра Республики Казахстан Тугжанову Е.Л. 9

**Депутат Д.М. МУСИННИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-
Министрі А.Ұ. Маминге депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата МУСИНА Д.М. к Премьер-Министру Республики Казахстан Мамину А.У. 10

**Депутат Н.Н. НҰРСИПАТОВТЫҢ Қазақстан Республикасы Премьер-
Министрінің орынбасары Е.Л. Тоғжановқа депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата НУРСИПАТОВА Н.Н. к Заместителю Премьер-Министра Республики Казахстан Тугжанову Е.Л. 11

Депутат Н.Қ. БЕКНАЗАРОВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі А.Ұ. Маминге депутаттық сауалы


Депутатский запрос депутата БЕКНАЗАРОВА Н.К. к Премьер-Министру Республики Казахстан Мамину А.У. 13

ШЖҚ-дағы "Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы" РМК директоры



А. Құсайынов

Стенографиялау қызметінің жетекші редакторы



И. Шыныбаева